

**"Акциздерді есептеу мен төлеу тәртібі туралы" 1995 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының N 36 ~V950074 Нұсқауына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 09 тамыз N 929. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 21 қазанда тіркелді. Тіркеу N 947. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

43. "Акциздерді есептеу мен төлеудің тәртібі туралы" N 36 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 V990947\_ бұйрығы.

**Б ү к і л м ә т і н б о й ы н ш а :**

"Салық және бюджетке міндетті басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы" деген сөздер "Салық және бюджетке міндетті басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы " деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1-тармақтың бірінші абзацындағы "тауар бағасына" деген сөздер "сату құны" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 2-2 тармағымен толықтырылсын:

"2-2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қатысушы-мемлекеттері экспорттайтын акцизделетін тауарларға тиісті таңбалау бойынша Қазақстан Республикасындағы акциз төлеуді нақтылау үшін олармен саудада осындай

тауарларды импортты жүзеге асырушы салық төлеушіні тіркеу орны бойынша салық органы шыққан елі принципі бойынша акциз алынады, салық органы басшысының қолы қойылған немесе оны ауыстыратын тұлғаның қолы қойылған және осы органның мөрімен расталған осы Нұсқауға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделген соңғы өтініш бойынша анықтаманы береді.";

3-тармақта: он жетінші абзацтағы "иесіз" деген сөзден кейін "мемлекетке мұрагерлі құқы бойынша көшкен" деген сөздермен толықтырылсын; 6-тармақта: мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын; "Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген, осы Нұсқаудың 4-тармағындағы 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, акцизделетін тауарларға акциздердің ставкалары олардағы таза (жүз процент) спирт құрамы мөлшеріне қарай белгіленуі мүмкін." 25-тармақта: "үшінші" деген сөз "оныншы" деген сөзбен ауыстырылсын; осы Нұсқаудың 2-қосымшасындағы жалпы бөлімде екінші абзацтағы "үшінші" деген сөз "оныншы" деген сөзбен ауыстырылсын; 5-қосымшамен толықтырылсын. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 27 шілдедегі N 36 нұсқауына N 5 қосымша \_\_\_ жылғы" \_\_\_ " \_\_\_ N \_\_\_ Анықтама Берілді \_\_\_\_\_ (кәсіпорын атауы) фискальдық коды (ЖСН, СТТН және т.б.) \_\_\_\_\_ есеп айырысу шоты N \_\_\_ (егер экспорт елінде белгіленсе, толтырылады ) \_\_\_\_\_ (банк мекемесінің атауы) экспорттаушы тұлғаға \_\_\_\_\_ кеден декларациясына сәйкес N \_\_\_\_\_ және тауар-көлік құжаттарымен \_\_\_\_\_ (ресімдеу нөмірі мен күні) мынадай акцизделетін тауарлар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Тауар атауы |Саны |Акциз ставкасы |Акциз сомасы|Төлем құжаты|Көлік құра || |(ұлттық ва. |ның нөмірі |лының || |лютада көр. |мен күні, |нөмірі ||| |сетіледі) |банк || \_\_\_\_\_ || || || || || 1 |2 |3 |4 |5 |6 | \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ | Салық органының басшысы \_\_\_\_\_ М.О. (аты-жөні) қолы Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.